

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кредиттері, несиелері және депозиттері бойынша сыйақы (мүдде) есептеу ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 20 қыркүйектегі N 293 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 11 наурыздағы N 32 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 6 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 3551. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2010 жылғы 25 маусымдағы № 56 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2010.06.25 № 56 (қабылданған күнінен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру және оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кредиттері, несиелері және депозиттері бойынша сыйақы (мүдде) есептеу ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 20 қыркүйектегі N 293 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 954 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" баспа басылымдарында 1999 жылғы 25 қазан-7 қарашада жарияланған, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 9 қазандағы N 378 қаулысымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1293 тіркелген) өзгерістерімен бірге) мынадай өзгерістер енгізілсін:

атауындағы және бүкіл мәтін бойынша "кредиттері, несиелері және депозиттері бойынша сыйақы (мүдде)" деген сөздер "банктік заемдары, заемдары және салымдары (депозиттері)" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік заемдары, заемдары және депозиттері бойынша сыйақы есептеу е р е ж е с і н д е :

атауындағы және бүкіл мәтін бойынша "депозиттері", "депозит" "депозиттің", "депозитті" және "депозиттер" деген сөздер тиісінше "салымдары (депозиттері)", "салым (депозит)", "салымның (депозиттің)", "салымды (депозитті)" және "салымдар (депозиттер)" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Заң күші бар Жарлығына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына " деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мемлекеттік тілде мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Банктік заем шартында, заем шартында және банктік салым шартында осы талап болған жағдайда, соның негізінде банктік заем, заем берілгенде немесе депозит орналастырылғанда Ұлттық Банктің банктік заемдары, заемдары және тартылған депозиттері бойынша сыйақы есептеледі.";

5 және 7-тармақтарда "депозит шарты", "депозит шартын" деген сөздер "банктік салым шарты", "банктік салым шартын" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "депозит шартында" деген сөздер "банктік салым шартында" деген сөздермен ауыстырылсын;

12-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер шартта сыйақы есептеудің нақты әдісін қолдану айтылмаса, қарапайым сыйақы әдісі қолданылады.";

15-тармақта:

$i * p * n$

1) тармақшадағы " $I = i * p * n / 360 * 100\%$ " формуласы " $I = \frac{i * p * n}{360 * 100}$ "

формуласымен ауыстырылсын;

2) тармақшаның алтыншы абзацындағы "салымның" деген сөз "салымның (депозиттің)" деген сөздермен ауыстырылсын;

17-тармақтағы "(депозит)" деген сөз "(салымдардың (депозиттердің))" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Монетарлық операциялар департаменті (Әлжанов Б.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және аумақтық филиалдарына, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.Р.Елемесовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы